



**«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**  
**АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»**

Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және  
клиникалық фармация кафедрасы

Пікір

Баспа: 1  
2 беттің 1 беті

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша  
PhD докторант Данияр Абдувалиевич Абдамбаевтың философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін «Арилоксипропинил пиперидол және кейбір  
адамтан карбон қышқылы туындысынан биологиялық белсенді  
субстанцияны химиялық жасау» тақырыбы бойынша орындаған  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д., доцент  
Убайдилла Махамбетұлы Датхаевтың**

### ПІКІРІ

Халқының денсаулығы кез келген мемлекет дамуының негізгі факторларының бірі болып саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды бағытына отандық фармацевтика өндірісін нығайту, бәсекеге қабілетін арттыру және нарықтағы отандық дәрі-дәрмектердің үлесін арттыру жатады. Еліміздің дәрі-дәрмектік саясаты мемлекеттің медициналық ұйымдары мен тұрғындарын сапалы, тиімді, қауіпсіз және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету ұстанымдарынан тұрады. Отандық фармацевтикалық нарықтың шетелдік дәрілік заттарға деген тәуелділік жағдайында өзіндік фармацевтикалық өнеркәсіпті құру еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің ең басты міндеттерінің бірі болып келеді.

Осы таңда отандық өндірушілердің өнім портфелінің негізгі бөлігін пайда түсімі төмен дженерикті препараттар (олардың жалпы нарық көлеміндегі үлесі 85 %) құрайды, ал жаңа ерекше препараттар нарығы 15 % шамасында, бұл фармацевтика өндірушілеріне өз пайдасын жаңа ерекше дәрілік препараттарды зерттеу мен әзірлеуге бөлуге мүмкіндік бермейді. Ал мемлекетіміз ақысыз дәрілік қамсыздандыруға арналған жарты бәсіре ақы-пұлды төл дәрілік препараттарды сатып алуға жұмсайды. Сондықтан отандық жаңа дәрілік препараттарды әзірлеу және фармацевтика нарығында қолдау көрсету мемлекетіміз үшін көкейкесті мәселе болып табылады.

Отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуға бағытталған мемлекеттің саясаты ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясының басымдығына, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарының маңызды бағыттарын жүзеге асыруға, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясына, сондай-ақ шетелдік инвесторлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының Президентімен өткен XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы және Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының шеңберінде жасалған Қазақстан Республикасы Президентінің №874 Жарлығына сәйкес 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриалды-инновациялық бағдарламасына негізделеді. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі болып, импортқа тәуелділікті барынша азайту жолында, отандық фармацевтикалық

|  |  |                             |  |
|--|--|-----------------------------|--|
|           | <b>«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b>           |                             |  |
|  | <b>АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»</b> |                             |  |
| Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы | Пікір  | Баспа: 1<br>2 беттің 2 беті |  |

Алайда, жаңа фармацевтикалық өнім үлесін арттыру,- шикізат қоры жеткілікті отандық синтетикалық субстанцияларды терең зерттеуді және оларды өндіріске енгізуді талап етеді. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мақсатын алдын ала айқындады.

Диссертациялық жұмыстың барысында перспективті жаңа қосылыстар синтезделіп, олардың арасынан жетекші қосылыс стандартталып, қажетті параметрлары анықталып, оны өндірудің технологиясы зерттелді.

Абдамбаев Д.А. диссертациялық зерттеуінің эксперименталды бөлімі АҚШ - тың Оксфорд қаласындғы Миссиссиппи университетіне қарасты NCNPR – Табиғи өнімдерді зерттеудің ұлттық ғылыми орталығының базасында және отандық инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығында жасалды.

PhD докторант Абдамбаев Д.А. зерттеу нәтижелерінің қорытындыларын мақала мен тезис түрінде отандық және шетел ғылыми баспаларында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми баспада жариялады.

Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін PhD докторант Абдамбаев Д.А. интеллектуалдық дәрежесі мен теориялық біліктілігі, оңтайлы зерттеу әдістері мен өнерпаздықты қолдана білуі, - алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді.

Абдамбаев Д.А. диссертациялық жұмысын зерттеу барысында алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толығымен орындап шықты.

Жоғарыдағы мәліметтерді ескере отырып, PhD докторант Д.А. Абдамбаевтың диссертациялық жұмысы толық орындалған ғылыми зерттеу болып саналады және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу көлемі мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденудің диссертациялық жұмысына қойылатын талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек ретінде жасалған.

**Ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д., доцент**



**У.М. Датхаев**

ҚОЛЫН БАСТАМЫН  
«Ұлттық медицина университеті»  
акционерлік қоғамының құжаттамалық қамтамасыз  
ету бөлімінің басшысы  
**ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ**  
Руководитель отдела документационного обеспечения  
АО «Национальный медицинский университет»